

ӘОЖ 343.3/.7

М.Д. Қаражанов

Қазақстан-американдық еркін университеті,
6D030100 «Заңтану» мамандығының 3-курс докторанты, Қазақстан Республикасы, Өскемен қ.
E-mail: Karazhanov_1982@mail.ru

Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстардың объектісін анықтау мәселесі

Осы мақалада экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстардың объектісін анықтау мәселелері талданған. Автор хронологиялық тәртіппен қылмыс объектісінің теориясын мүдделерді экологиялық-құқықтық қорғау сипатында талдаған. Автор экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстардың тікелей және топтық объектісін талдауға және жетілдіру бойынша ұсыныстар жасауға тырысқан. Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстардың объектісін ҚР ҚК-не әрі қарай жетілдіру бойынша ұсыныстар жасауға нұсқама берген.

Түйін сөздер: экология, мүдде, экологиялық қауіпсіздік, қылмыс объектісі, экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстар.

M.D. Karazhanov

The problems of definition of object of the crimes encroaching on ecological safety

The problems of definition of object of the crimes encroaching on ecological safety are considered in this article. The author analyzes chronologically the concept of the theory object of a crime within ecologic-legal protection of interests. The author wants to analyse and offer the improvement of specific and direct object of the crimes encroaching on ecological safety. The recommendations about further improvement of CC RK about object of the crimes encroaching on ecological safety are offered.

Keywords: ecology, interest, object of the crime, ecological safety, the crimes encroaching on ecological safety.

М.Д. Қаражанов

К проблеме определения объекта преступлений, посягающих на экологическую безопасность

В данной статье рассматриваются проблемы определения объекта преступлений, посягающих на экологическую безопасность. Автор хронологически анализирует понятие теории объекта преступления в рамках эколого-правовой защиты интересов. Автором предпринята попытка проанализировать и предложить совершенствование видового и непосредственного объекта преступлений, посягающих на экологическую безопасность. Предложены рекомендации по дальнейшему совершенствованию УК РК по объекту преступлений, посягающих на экологическую безопасность.

Ключевые слова: экология, интерес, экологическая безопасность, объект преступления, преступления, посягающие на экологическую безопасность.

Introduction (Кіріспе). Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстардың объектісін анықтау өте қиын да күрделі де, көпаспектілі мәселе болып табылады.

Бұл жерде негізгі мәселе экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстардың тектік (топтық) объектісін басқа қылмыстық-құқықтық қорғаудың тектік объектісінен ажырата білуде

көрінеді. Экологиялық қылмыстар жеке окшаулықты тек Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде алғанын ескерсек, экологиялық қылмыстар бойынша объектілер теориясы әлі күнге дейін қалыптасу үстінде, көптеген заңгерлер оны үнемдеу көзқарасынан қарастырады. Ол өз кезегінде бұл объектіні меншік сияқты объектімен жақындастыра түседі. Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстардың көпшілігінің диспозициясын қарастырсақ, онда «талаптардың немесе ережелердің бұзылуы» деген сөздердің қолданылуын көп байқауға болады, ол осы қылмыстардың тобын басқару тәртібіне қарсы қылмыстармен ұқсастырады. Осындай мәселелер қате қылмыстардың саралануына алып келеді. Сонымен қатар қосымша объект ретінде экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстардың объектісі денсаулық болғанда оны жеке адамға қарсы қылмыстардан ажырату мақсатында объектіге қатысты қатаң талаптар қойылуы тиіс.

Main body. (Негізгі бөлімі). Қылмыс объектісі ретінде қоғамдық қатынастарды тану марксистік социология негізінде пайда болған еді. Қоғамдық қатынастар – қатынастар ұғымының ерекше күрделі түрі. Ал қатынастар сөзі бұл әдістемелік жағынан құбылыстардың өзара байланысы болып келеді. Осы жағдай марксизм классиктерінің қатынастар ұғымынан «қоғамдық қатынас» теориясының енгізуі үлкен жетістік деп айтуға болады. Осы жағдай кейін дами келе, әлеуметтік-экономикалық формациялардың пайда болуына алып келіп, социалистік қоғамдық қатынастардың және капиталистік қоғамдық қатынастардың дамуына әкелген. Сондықтан кеңестік заң әдебиеттерінде қылмыстық-құқықтық қорғау объектісі кез келген уақытта қоғамдық қатынастар болып келеді. Социалистік қоғамдық қатынастар қылмыс объектісі ретінде көптеген шетелдік ғалымдармен де қарастырылған. Мысалы, Германияда Гератс, Польшада профессор Лернельдің жұмыстарында жарық көрген.

Қоғамдық қатынастарды талдай келе, профессор Е.И. Каиржанов қатынастың әлеуметтік нысаны қалыпсыз дей отырып, тұлғаның жеке қатынастарын (жеке) және қоғамдық қатынастарды (жалпы) бөледі. Жеке қатынастар жеке адам мен қоғамдық қатынастардың диалектикалық біркелкілігі. Тұлғаның жеке

қатынастарында оның жеке қызметі орын алады. Бұл қатынастарда ол өзіне-өзі қарсы тұрады. Ондай қатынаста объекті де субъекті де өзі болады. Осындай байланыста жеке қатынастар тұлға объект және субъект бір бүтін өзі болады. Осы белгімен ол қоғамдық қатынастардан ажыратылады. Жеке қатынастар адамдармен саналы түрде құрылса, қоғамдық қатынастар көпшілік жағдайда санасыз қалыптасады. Адамдарда көптеген қажеттіліктер болады, олар оны өндіру мақсатында көптеген қарым-қатынасқа түседі. Ол тек қоғам көлемінде болады [1].

Сонымен, біздің пікірімізше, қоғамдық қатынастарды берілген теория бойынша адамдар арасында кез келген қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін құрылған қатынас ретінде сипаттауға болады. Осы жағдайда адамдар арасындағы қатынастар жеке адамға қарсы қылмыстар сияқты экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстардың объектісі ретінде бола алмайды, себебі марксистік теорияда адам мәнін ашуда «қоғамдық қатынастардың жинағы ретінде» [2], экологиялық қауіпсіздік, өмір, денсаулық қылмыс объекті емес, оларға қатысты қоғамдық қатынастар ғана бола алатын еді. Бұл жерде адам қандай да бір құндылықтардың ұстаушысы ретінде танылып келген. Табиғатты қорғау қандай да бір құндылықты қорғау ретінде қоғамдық қатынастар көзқарасынан қаралған еді. Осындай жағдай табиғатты қорғау мәселесін, оның ішінде экологиялық қауіпсіздікке байланысты қоғамдық қатынастар ретінде ашу дұрыс емес бағыт болып келеді. Осыған байланысты көзқарасты профессор А.В. Наумовта білдіреді: «қылмыс объектісі жөнінде теория қоғамдық қатынастар ретінде «ылғи да қолданыла бермейді», сондықтан әмбебап теория болып танылмайды», – дейді [3].

Сондықтан осыған байланысты Қазан төңкерісінен кейінгі ресейлік қылмыстық құқық өкілі Н.С. Таганцевтің пікірі өзекті: ол қылмыс ретінде белгілі мемлекетте елеулі болып табылатын, «жазамен» қорқытқанда басқа шаралармен аз көрінетін қорғалатын нормамен өмірлік мүддеге қол сұғатын іс-әрекетті тапқан [4]. Сонымен, кез келген қоғамдық қатынас мүдде негізінде өмір сүреді. Кез келген адам қызметін ілгерілейтін мүдде табылады. Дени Дидро мүдде деген сөзді кез келген құбылыстың, қоғам, мемлекет, адамдар үшін заттардың құндылығымен байланыстырған [5].

Кант мүддені сананы практикалық етіп қарастыратын ұғым ретінде таниды, ол – адамдар әрекеттерінің, ойларының алғышарты [6]. Осы теорияны жетілдіре келе, профессор Е.И. Каиржанов мүдде ретінде нақты анықталған қоғамдық қатынастарды анықтайды [1,104]. Сондықтан осыған дәлелді ҚР ҚК 2-бабында табуға болады: «Осы кодекстің міндеттері: адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, меншікті, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығын, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау, бейбітшілік пен адамзаттың қауіпсіздігін қорғау, сондай-ақ қылмыстардың алдын алу болып табылады. Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін осы кодексте қылмыстық жауаптылық негіздері белгіленеді, жеке адам, қоғам немесе мемлекет үшін қауіпті қандай әрекеттер қылмыс болып табылатыны айқындалады, оларды жасағаны үшін жазалар мен өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары белгіленеді» [7].

Осы анықтамадан қылмыстардың жалпы объектісі ретінде осы мүддені ашатындығын аңғаруға болады. Әрі қарай талдай келе, объектілердің жіктелуі бойынша нақты мүдделер тобына немесе жеке мүдделерге келуге болады. Сондықтан қылмыс объектісі болып қылмыстық заңмен қорғалатын қылмыстық әрекет оған қол сұғатын мүддені айтуға болар еді.

Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстардың объектісін анықтауда Т.А. Бушуев пен П.С. Дагельдің пікірі өзекті: «экологиялық қылмыстар объектісі – бұл қоршаған орта жөнінде адам қоғамының өмір сүруі мен қызметінің негізі ретінде адамдар арасындағы қалыпты қатынастарды айтады. Көрсетілген қоғамдық қатынастар «адам – қоршаған орта» жүйесінің байланысын ашады, онда табиғи ресурстарды қолдану және адамның табиғатты сақтау және көбейту бойынша мақсатқа лайықты әсер етуін қосады» [8].

Табиғатты қорғау саласындағы қылмыстық қол сұғушылық табиғи ресурстарды үнемді пайдалану аспектісінен қаралады. Ол келесі себептер бойынша біздің пікірімізше дұрыс емес деп ойлаймыз.

Біріншіден, табиғатты үнемді пайдалану ол дұрыс, бірақ ол белгілі мүдделерге ғана бағынышты. Ол жағдай бізде ғана емес, кез келген басқа елдерде де, әсіресе ТМД елдерінде, тек нормативтік актілер жүзінде ғана көзделеді және декларативті сипатта болады. Мысалы, экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстардың статистикасын ашсақ, онда аз көрінген қылмыстар ішінде, латенттілік орын алатындығын көре аламыз. Мәселен, 2008 жылы 7 қылмыстық іс, 2009 жылы 3 қылмыстық іс, 2010 жылы 3 қылмыстық іс, 2011 жылы 8 қылмыстық іс, 2012 жылы 10 қылмыстық іс қозғалған. Көбінесе қылмыстық істер «заңсыз аңшылық істері» бойынша қозғалады. Мәселен, 2008 жылы 75 қылмыстық іс, 2009 жылы 11 қылмыстық іс, 2010 жылы 136 қылмыстық іс, 2011 жылы 99 қылмыстық іс, 2012 жылы 129 қылмыстық іс қозғалған екен [9].

Осы мәліметтерге сүйенсек, онда тек табиғи объектілерді алып қою жағдайлары бойынша қылмыстық істер қозғалғанын көре аламыз, ал нақты экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстар бойынша істерді қозғау азын аулақ қана.

Екіншіден, табиғи ресурстарды қалыпты пайдалану табиғат қорғау заңнамасының бүкіл тарихи кезеңінде ведомстволық нормативтік актілердің келіспеушілігі мен төмен сапада болуына байланысты дұрыс пайдаланылмады. Мысалы, практикада экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстардың нормаларының аз қолданылуы олардың диспозициясы нақты болмағанмен және салалық нормаларда толық емес анықтамалардың болуымен түсіндіріледі.

Табиғат қорғау заңнамасын талдай келе олардың нормалары бір-біріне қарама-қайшы екенін көрсетеді, сондай-ақ олар қорғау аясына жатпайтын қоғамдық қатынастарды реттеумен айналысады.

Мәселен, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық және әкімшілік істері жөніндегі қадағалау сот алқасы даулы жерде орналасқан қыстақты талапкер С.-ның меншігінде деп таныған Семей қалалық сотының шешіміне және Шығыс Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі алқасының қаулысына Е.-нің келтірген қадағалау шағымына байланысты келіп түскен азаматтық істі қарады. Е. қадағалау шағымында іс бойынша қабылданған сот қаулыларымен

келіспейтініне мынадай уәждер келтірген: аудан әкімінің шешімімен, Қазақстан Республикасы Президентінің заңдық күші бар «Жер туралы» 1995 жылғы 22 желтоқсандағы Жарлығының 13-бабы 1-тармағының талабына сәйкес, оған шаруа қожалығын ашу үшін Бөрлі қыстағының маңайынан 142 гектар жер берілген. Осы шешімінің негізінде жауапкер жер учаскесіне мемлекеттік акті алған. Ауыл әкімшілігі жиналысының хаттамасымен де оған қыстақ маңайынан 142 га жер және сол жердегі қыстақ берілсін деп шешілген. Осы құжаттар негізінде аталған жер мен қыстақты Е. өз атына заңдастырып, жылжымайтын мүліктерді тіркеу орталығынан өткізген. Сондықтан талапкер С.-ның Бөрлі қыстағын өз қожалығының меншігінде санауын негізсіз деп есептейді және осы іске қатысты сот қаулыларын бұзуды сұрайды.

Жоғарғы Соттың қадағалау алқасы шағым келтірілген сот қаулылары төмендегі негіздерге байланысты бұзылуға жатады деген қорытындыға келді.

АК 117-бабына сәйкес, жылжымайтын мүлікке (жылжымайтын дүние, жылжымайтын зат) жер учаскелері, үйлер, ғимараттар, көпжылдық екпелер және жермен тығыз байланысты өзге де мүліктер, яғни орнынан шығынсыз ауыстыру мүмкін болмайтын мүліктер жатады. Атап айтқанда, үйге, ғимаратқа, құрылысқа меншік құқығы, не шаруашылық жүргізу құқығы немесе оларды оралымды басқару құқығы болса, онда солар орналасқан жерге де сондай құқық пайда болады. Осы себепті бұл құқықтар бір-бірінен ажыратылмайды. Мұндай жағдайлар «Жер туралы» Жарлықтың 18-бабында да бекітілген.

Е. 1997 жылдан бастап қазіргі кезге дейін берілген жер мен қыстақты орамды пайдаланып, тиісті салықтарын төлеп келген. Бұл факт ақша төлеген түбіртектермен расталады. Жер, үй, қора жауапкердің атына тиісті тәртіпте заңдастырылып, мемлекеттік тіркеуден өткен. Ал талапкер С. жер мен қыстаққа салық төлегені жөнінде бірде-бір түбіртекті сотқа ұсынбаған, қыстақты өз атына заңдастыру жайында ешқандай әрекеттер жасамаған. Және оған берілген жерлер аталған қыстақтың жанында орналаспаған. Атап айтқанда, шаруа қожалығын ашу үшін С. жер беру туралы аудан әкімінің қаулысында оған төрт қыстақ берілуге жатады деп көрсетілген. Алайда қаулыда Бөрлі қыстағы

талапкерге берілгендігі туралы мәлімет жоқ. Сондай-ақ ауылдық ұжымдық кәсіпорынның жалпы жиналысының хаттамасында да Бөрлі қыстағын С.-ның шаруа қожалығына беру туралы шешім көрсетілмеген. Сондай-ақ Бөрлі қыстағының Е.-ге берілгені туралы ауылдық әкімшіліктің хаттамасын бірінші сатыдағы сот заңсыз деп танымаған. С.-ның хаттаманы заңсыз деп тану туралы талап арызының сотқа жүгіну мерзімі себепсіз өтіп кеткендіктен қанағаттандырусыз қалдырылған.

Сондықтан прокурордың аталған хаттаманы тоғыз жылдан кейін жарамсыз деп тану туралы наразылық келтіруі және әкімнің осыған байланысты аталған хаттаманың күшін жойуы орынсыз деген жауапкердің уәждері назар аударарлық жағдай. Сонымен қоса сот АІЖК 280-бабының бірінші тармағының талабына сәйкес, арыз үш ай мерзім ішінде берілмегендіктен талапкердің арызын қайтарып беруді сұраған арызданушының арызын қабылдаудан негізсіз бас тартқан.

АІЖК 387-бабының 3-бөлігіне сәйкес, материалдық нормалардың немесе іс жүргізу құқығының едәуір бұзылуы соттың заңды күшіне енген шешімдерін, ұйғарымдарын, қаулыларын қадағалау тәртібімен қайта қарауға негіз болады.

Аталған істе соттар іс бойынша маңызы бар мән-жайларды дұрыс анықтап, бірақ материалдық құқық нормаларын қолдануда қате жібергендіктен, Жоғарғы сот алқасы істі жаңадан қарауға жібермей, іс бойынша жаңа шешім қабылдау қажет деген тұжырымға келді. Алқа АІЖК 398-бабы 4-бөлігінің 5) тармағын басшылыққа алып, бірінші сатыдағы сот шешімінің, облыстық сот алқасы қаулысының күштерін жойып, С.-ның талап арызын қанағаттандырусыз қалдыруға, Е.-нің қадағалау арызын қанағаттандыруға қаулы етті [10].

Бұл экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстар бойынша табиғат қорғау заңнамасының нормаларын қолданудағы практикада көзделген барлық қиыншылықтар емес, ондайлар көптеп кездеседі.

Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстардың топтық объектісін анықтау мәселесін дамыта отырып, ондай объект ретінде «табиғи ресурстарды үнемді пайдалану, табиғи ортаның адам мен басқа да ағзалардың өмір сүруіне сапалы қолайлы жағдайды және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді сақтау бойынша қылмыстық заңмен қорғалатын

кешенді қоғамдық қатынастарды тану» мүмкін емес [11].

Өйткені ол арқылы біз табиғи ортаға қолайсыз жағдайларды пайдалану бойынша қатынастарды реттемей кетуіміз мүмкін болады деген тұжырымға келуге болады. Онда Арал теңізі, Семей ядролық полигон болған аймағы адам өмір сүруіне қолайсыз деп танылып, оның экологиялық жағдайына байланысты реттелмес еді.

Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстар объектісінің мәнін ашу бойынша басқа да пікірлер көзделген. Мысалы, О.Л. Дубовик, А.Э. Жалинский қылмыс объектісі ретінде «қоршаған ортаны пайдалану бойынша адам өмір сүруін қамтамасыз ететін қызметтің тікелей базисі мен өзге әлеуметтік құндылықтарды қанағаттандыратын оның жүзеге асуының құқықтық нысаны мен материалдық субстраты болатын күрделі, біркелкі, кешенді нақты қоғамдық қатынастар табылады» [12]. Осы пікірді талдасақ, экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстар объектісі болып қоршаған ортаны пайдалану бойынша қалыпты адам өмір сүруін қамтамасыз ету жөнінде қоғамдық қатынастар табылады. Ол – қолайлы қоршаған ортаға қатысты құқықтар бойынша қатынастар.

Қолайлы қоршаған ортаға құқық мазмұны кең болып келеді, онда азаматтардың экологиялық маңызды шешімдерді қабылдауға қатысуы, ақпаратқа құқық, денсаулық пен өмірге келтірілген зиянды өтеуге және бұзылған құқықтарды қалпына келтіруге сотқа жүгінуге т.б. жатады.

Қолайлы қоршаған ортаға құқықты ғана бекітіп, біз экологияның аясын және осы мәселенің шешімін таппай оны тарлатамыз. Адам табиғат бөлігі ғана, онда басқа да элементтер бар. Осыған байланысты көптеген басқа ғалымдар табиғат құқығын кең мағынада да ұсынуда. Мысалы, осы тұрғыны қолдай отырып, В.Е. Борейко была деп жазды: «Көп жылдар бойы табиғат қана емес, көптеген адамдар категориялары өз құқықтарына ие болмаған: құлдар, негрлер, балалар мен әйелдер. Бірақ этиканың дамуына байланысты барлық адамдар тең құқықтық болып табылды. Толық әділеттілік болу үшін енді ақырғы қадам жасап табиғаттың құқықтарын танып адамдарға оны теңеу керек. Көптеген философиялық және діни дәлелдер бар, барлық тірі ағзалардың құқықтары тең деген. Мысалы,

барлық тірі ағзалар тең ішкі дүниесімен сипатталады, осы арқылы оның құқықтары болуын да анықтауға болар еді.

Осы тұрғыны қолдамайтындар тарапына қарсы В.Е. Борейко келесі пікірді білдіреді: «Кейбір қарсыластар табиғатта құқық жоқ деп адамдарға қарағанда қасқырлар, қояндар тағы басқа жануарлар өз құқықтарын түсінбейді дейді. Өйтсе де, адамдар өз құқықтарына ие болу үшін оны түсіну қажет емес. Жетілмей қалған адамдар, нәрестелер өз құқықтарын түсінбейді, бірақ оларға ие болады ғой. Сонымен қатар табиғатта мораль, этика, моральдық құқықтар сияқты ұғымдар жоқ. Түлкі қоянды аулау кезінде оның құқықтарын бұзбайды, табиғаттың құқықтары – экологиялық этиканың ұғымы, ол жануарлар арасындағы қатынастарды емес, адамдардың табиғатқа деген моральдық көзқарасын қарастырады» [13].

В.Е. Борейко табиғаттың құқықтарына келесі анықтама береді: «табиғат құқығы – бұл мораль және құқықпен қорғалатын табиғат қажеттіліктері, ол моральдық әріптес (субъект) ретінде қаралады» [13,22]. Бұл жерде, табиғатты (қоршаған табиғи ортаны) субъект ретінде тану дұрыс емес сияқты, себебі ол оның белгілеріне ие емес, бірақ В.Е. Борейконың пікірінде негізгі жақсы ой бар. Мәселен, ол «жабайы табиғаттың құқығы бар» деп айтқанда оның теориялық және практикалық маңыздылығын көрсетеді.

Біріншіден, табиғаттың құқығын тану қорықтардың объект ретінде пайда болу құқығын қорғауға мүмкіндік туғызады, себебі адам осы құқықты қамтамасыз етуге міндетті болады. Сондықтан экологиялық этика сипатынан алғанда адам және азамат болу – бұл адамдар құқықтарын ғана емес, сонымен қатар басқа да тірі ағзалар мен экожүйелердің құқықтарын да қорғау.

Екіншіден, егер бұрын тірі ағзалар мен экожүйелер құқықсыз болса, енді табиғатта құқық болғандықтан, оны жай құрту, бұзуға «өлтіруге» тыйым салынады.

Үшіншіден, табиғаттың құқықтарын тану біріншіден, ерекше моральдық, кейін қорғаудың құқықтық деңгейін туғызады, ол сотта қылмыстар бойынша табиғаттың құқықтары бұзылғанда адамдарды қылмыстық жауаптылыққа тартуға мүмкіндік береді.

Шынында да, қоршаған табиғи ортаны шартты түрде құқықтармен қамту оның қорғалуын

және қорғауын кепілдендіреді. Жабайы табиғат атынан зиян келтіргені үшін сотқа талап беру практикасы қазіргі күні бар. Мәселен, ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі жабайы табиғат атынан олардың қорғаншылары болып табылады.

Осыған қатысты, В.Е. Борейко пікірі қызықты болып келеді, оның пікірінше, табиғат пен тірі ағзалардың заң алдында қорғау құқығын; жер игіліктерінің үлесіне деген өмірге қажетті құқықтарды; адам кесірінен зиянды өтеу құқығын; адам кінәсінен келтіретін тауқыметтен қорғану құқықтарын тану көзделген [13,23].

Бұл мәселені шетелде белсенді қолдайды. Мысалы, АҚШ-та жануарлар құқығы туралы курс 25 жоғары оқу орнында оқылады [13,24].

Көптеген ТМД елдерінде қатыгездікпен жануарларға қараудан қорғау заңдары қабылданған, ол жануарлардың құқықтарын заңдастыруға мүмкіндік туғызып отыр. Мысалы, Украинада 2006 жылдың 13 наурызында «Жануарларға қатыгездікпен қараудан қорғау туралы» заң қабылданған. Украинаның Ұлттық ғылым академиясының президенті академик Б.Е. Патонның айтқан пікірі көңіл бөлерлік, ол: «Табиғат құқығы адам құқығы сияқты қолсұғылмауы керек», – деді [14].

Сонымен, табиғат құқығын белгілеу арқылы қылмыстық-құқықтық қорғауға адаммен қатар, табиғи ортада енеді.

Осындай қорғауды қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне экологиялық қылмыстар атты тарауы енген болатын, бірақ көптеген авторлар (А.Н. Ағыбаев, Е.О. Алаухановтар қазақ тілінде жарық көрген ҚР Қылмыстық құқығы (ерекше бөлім) оқулықтарында) әлі күнге дейін осы қылмыстар тобын – экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстардың топтық объектісін дәстүрлі қоғамдық қатынастар арқылы ашады. Бұл үлкен кемшілік емес, кез келген теория өмір сүруге міндетті. Біз профессор

Е.И. Каиржанов ұсынып отырған мүдде ретінде танылатын қылмыстың объектісін анықтайтын ұғымды қолдай келе, экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстарды экологиялық қауіпсіздікке қарсы қылмыстар деп атауды және олардың топтық объектісін экологиялық қауіпсіздік деп атауды ұсынамыз.

Conclusions. (Қорытынды). Сөйтіп, экологиялық қауіпсіздікке қарсы қылмыстарға біздің жіктеу бойынша келесі қылмыстар жатады:

167-бап. Экоцид;

277-бап. Шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптардың бұзылуы;

278-бап. Ықтимал экологиялық қауіпті химиялық, радиоактивті және биологиялық заттарды өндіру мен пайдалану кезінде экологиялық талаптардың бұзылуы;

279-бап. Микробиологиялық немесе басқа биологиялық агенттермен немесе улы заттармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік ережелерінің бұзылуы;

280-бап. Ветеринарлық ережелерді және өсімдіктердің аурулары мен зиянкестеріне қарсы күресу үшін белгіленген ережелердің бұзылуы;

294-бап. Экологиялық ластау зардаптарын жою жөнінде шара қолданбау [7].

Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстардың тікелей объектісін анықтау мәселесіне келетін болсақ, «мүдде» ретінде топтық объектіні алатын болсақ, онда бұл қылмыстар тобы – нақты экологиялық қауіпсіздіктің белгілі бағыттарын қамту керек. Мысалы, көзделген экологиялық талаптарды, ережелерді бұзу арқылы тұлғаның экологиялық қауіпсіздігі мүдде ретінде зиян шегеді. Экоцид кезінде адамзаттың экологиялық қауіпсіздігі, шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптардың бұзылуы кезінде нақты аумақтағы адамдар тобының экологиялық қауіпсіздігі тағы сол сияқты басқа қылмыс құрамдары бойынша талдайтын болсақ.

Әдебиеттер

- 1 Каиржанов Е.И. Избранные труды: (Selected works in criminal and criminology). В 2-х т. Т. 1. – Алматы: Экономика, 2008. – 360 с.
- 2 Маркс К., Энгельс Ф. Соч. Т. 3. – С.3-4.
- 3 Наумов А.В. Уголовное право. Общая часть. Курс лекций. – М.: Изд-во БЕК, 1996. – 560 с.
- 4 Русское уголовное право. Часть общая. Т. 1 / Таганцев Н.С. – Тула: Автограф, 2001. – 800 с.

- 5 Дидро Д. Избранные произведения. – М.: Худож.лит., 1951. – 411 с.
- 6 Кант И. Сочинения. Т.4. ч.1. – М.: Мысль, 1965. – С.306-307.
- 7 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. – Алматы: Жеті-жарғы, 2012. – 300 бет.
- 8 Бушуев Т.А., Дагель П.С. Объект уголовно-правовой охраны природы //Советское государство и право. 1977. – №8. – С.81-82.
- 9 Статистические данные о преступлениях за 2008-2012 годы //http://service.pravstat.kz.
- 10 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі қадағалау сот алқасынан үйге, ғимаратқа, құрылысқа меншік құқығы, не шаруашылық жүргізу құқығы немесе оларды оралымды басқару құқығы болса, онда солар орналасқан жерге де сондай құқық пайда болады. Бұл құқықтар бір-бірінен ажыратылмайды (үзінді) //Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Бюллетені 1/2010. Б.28-29.
- 11Петров В.В. Экологические преступления: понятие и составы //Государство и право. – М., 1993. – С. 96.
- 12 Дубовик О.Л., Жалинский А.Э. Причины экологических преступлений. – М.: Наука, 1988. – С. 87-88.
- 13 Борейко В.Е. Этика и менеджмент заповедного дела. – Киев: Киевский эколого-культурный центр, 2005. – 328 с.
- 14 Панорама дня // Зеркало недели. – 2002, 5-10 октября. – № 318. С.45-48.

References

- 1 Kairzhanov E.I. Izbrannyye trudy: (Selekted works in criminal end criminology). V 2-kh t. T. 1 – Almaty: Ekonomika, 2008. – 360 s.
- 2 Marks K., Engel's F. Soch. T.3. – S.3-4.
- 3 Naumov A.V. Uголовное право. Obshchaya chast'. Kurs lektsiy. M.: Izd-vo BEK, 1996. – 560 s.
- 4 Russkoe uголовное право. Chast' obshchaya. T. 1 / Tagantsev N.S. – Tula: Avtograd, 2001. – 800 s.
- 5 Didro D. Izbrannyye proizvedeniya. M.: Khudozh.lit., 1951.- 411s.
- 6 Kant I. Sochineniya. T.4.ch.1. M.: Mysl, 1965. S.306-307.
- 7 Kazakhstan Respublikasynyn kылныстык kodeksi. – Almaty: Zheti-zhargy, 2012. – 300 bet.
- 8 Bushuev T.A., Dageľ P.S. Ob'ekt uголовno-pravovoi okhrany prirody//Sovetskoie gosudarstvo I право. 1977. №8. S.81-82.
- 9 Statisticheskie dannye o prestupleniykh za 2008-2012 gody //http://service.pravstat.kz.
- 10 Kazakhstan Respublikasy zhogargy soty azamattyk zhane Akimshilik ister zhonindegi kadagalau sot alkasynan Uyge, gimaratka, kurylyska menchik kukygy, ne sharuashylyk zhirgizu kukygy nemese olardy oralymdy baskaru kukygy bolsa, onda solar ornalaskan zherge de sonдай kukyк paida bolady. Bul kukyктar bir-birinen azhyratylmaidy (uzindi) //Kazakhstan Respublikasy Zhogargy Sotynyn Byulliteni 1/2010. B.28-29.
- 11 Petrov V.V. Ekologicheskyye prestupleniya: ponyatie i sostavy. //Gosudarstvo i pravo. M., 1993. S.96.
- 12 Dubovik O.L., Zhalinskiy A.E. Prichiny ekologicheskikh prestupleniy. M.: Nauka, 1988. S.87-88.
- 13 Boreiko V.E. Etika I menedzhment zapovednogo dela. – Kiev: Kievskiy ekologo-kulturnyy thentr, 2005. – 328 s.
- 14 Panorama dnya // Zerkalo nedeli. – 2002, oktyabr'– 5-10. – № 318. S.45-48.